

География сабағында оқушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді жолдары

Нургалиева Айгерим Серикбосыновна
Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейінің
география пәнінің мұғалімі

Өмір бір орында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру керек. Өз пәнін оқушыларға қызықты болатындай ұйымдастыру керек, оқушылардың сұраныстары мен қызығушылықтаын да ескерген жөн.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі, бүкіл әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланып, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеру білім саласына елеулі әсер етуде.

Географиялық білім берудің модернизациялау жүйесінің бағыттарының бірі инновациялық, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Бұл дегеніміз өз алдына географияны оқытуда мақсатқа бағытталған өзгерістер мен жаңашылдықты (жаңа құралдарды, әдістерді, әдістемелерді, технологияларды, бағдарламаларды және т.б.) меңгеру процесі.

Оқытудың мұндай әдістерін іздестіру географиялық білімді тиімді меңгеру арқылы әрбір оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан оқушының танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және белсенді оқыту формасын оқыту процессіне кеңінен енгізу оқушылардың танымдық әрекеттері үшін тиімді.

Міндеті: география пәні арқылы оқушылардың оқу процессіндегі танымдық қызығушылығын қалыптастыру.

Жаңартылған білім берудің негізгі даму бағыттары орта мектептерде білім сапасын жақсартуға және оқыту жүйесін жетілдіріп, жақсарту арқылы әрбір оқушының тұлғалық қасиетін қалыптастыруға бағытталады.

Менің ойымша мұғалім алдына қойған мақсатқа жету үшін меңгерілетін тақырыпқа сай оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастырмай, жете алмайды.

Тұлғаның белсенділігі мен танымдық қызығушылығын қалыптастыру бір-бірімен өзара тығыз байланысты процесс. Танымдық қызығушылық белсенділікті қалыптастырады, бірақта белсенділікті арттыру танымдық қызығушылықты бекітеді.

Оқытудағы қызығушылық мәселесі жаңалық емес. Көпғасырлық тәжірибе оқытудағы қызығушылық өз алдына маңызды, әрі дербес және белсенділікті дамытудың қолайлы факторы екенін көрсетеді. Бұл тұрғыдан В.В. Давыдов пен Д.Б.Эльконидің дамыта оқыту концепциясы маңызды.

Оқушылардың танымдық әрекетінің әдістемелік негізін зерттей келе, өз алдына мәселенің шешімін табу үшін «география сабағында танымдық белсенділікті арттыру» міндетін қойдым. Осы мәселеге тоқталуымның негізгі себебі, соңғы уақытта оқу іс-әрекетіндегі оқушылардың жалпы қызығушылығының төмендеуі.

Тақырыпты зерттей келе географиялық білімді меңгерудің тиімді жолдарын қарастырып, әрбір оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін танып білуге және осы тұрғыдан олардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін қарастыруды жөн көрдім. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер танымдық белсенділікті арттырудың маңызды құралы, ал оларды қолдану өзекті мәселелердің бірі. Алдына қойған мақсат – міндеттердің әдіснамасының негізін зерттей келе, мұғалімдердің тәжірибесіндегі құндылықтарды зерделеп, жинақтап, география сабағында оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастырып, дамыту үшін оқыту кезіндегі жүйелілікті қалыптастыруды жөн көрдім.

Географияны оқыту кезінде өз тәжірибемде дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді қолданамын, мысалы, тақырыпқа сай ойын түрлерін, өлең оқу арқылы түсіндіру, халық ертегісі, мақал-мәтелдер, сөзжұмбақ, қызықты деректер, сабақ түріне байланысты жаңа педагогикалық технологиялар (ақпараттық - коммуникативті технологиялар мен сын тұрғысынан ойлау).

Сабақтың дидактикалық мақсатына байланысты дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткіземін. Мысалы, жаңа білімді меңгеру сабағын дәріс – сабақ ретінде (жоғары сыныптарда), экспедиция, зерттеу сабағы және т.б. Сабақта білім мен дағдыларды қалыптастыруда рөлдік ойындары бар сабақтар, білімді қайталау, жалпыландыру және бекіту сабақтарында ойын, сайыс–сабақ түрінде өткіземін. Білімді тексеру сабақтарында викториналар, түрлі сайыстар, географиялық диктант, тест, шығармашылық тапсырмаларды қорғау түрінде

өткіземін. Жаңа материалды меңгеру сабағында басымдылықты проблемалық оқытуға беремін, бұл оқушылардың ақпараттық коммуникативті технологиялар мен сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін білімді тексеру және сабақтың басқа кезеңдерінде келесідей ойын түрлерін қолданамын:

- 1) оқушылардың когнитивті іс-әрекетінің дамуы үшін: сынақ, ойын элементтері бар сынақ-сабақтары, реферат;
- 2) оқушылардың зейінін дамыту үшін: географиялық лабиринт, «Парадокс», әріптік лабиринт (филворд);
- 3) есте сақтау қабілетін дамыту үшін: үлестірмелі тапсырмалар, сөзжұмбақ, тест, викторина, географиялық конструктор немесе географиялық пошта, «Бұл не?» әдісі, географиялық диктант;
- 4) логикалық ойлауын дамыту үшін: «Иә - Жоқ» әдісі, логикалық тапсырмалар, «Келісемін - Келіспеймін» әдісі;
- 5) мотивациясын дамыту үшін: шығармашылық тапсырмалар, қиял саяхаттары, «Қолтырауын» ойыны;
- 6) білімін тексеру үшін: сынақ, олимпиада, тест, викторина және т.б.

Барлық тапсырмалар шығармашылық сипатқа ие және деңгейлер бойынша жіктеледі. Оларды сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Сабақты сөзжұмбақ шешуден бастап, жаңа материалды меңгеру кезінде ойын элементтерін қосып, бектіу кезінде тест, ребус, викториналық сұрақтар қоюға болады. Бұл мұғалімге де, оқушыға да тиімді, осы сәтте оқушылар интеллектуалды демалып, белсенділіктері артады. Бірақ әрбір әдіс қажетті жерде қажетті уақытта қолданылған сәтте тиімді.

Мұғалімнің іс әрекетін формула түрінде келтіруге

болады: зейінін дамыту + есте сақтау қабілетін дамыту + ойлау қабілетін дамыту + мотивация = жеке тұлға, немесе географияға қатысты – географиялық білімді тұлға.

Зейінде дамыту байқағыштық, бақылау қасиеттеріне байланысты.

Зейінді дамытуда қолданылатын тиімді әдістердің бірі «Географиялық лабиринт». Бұл әдіс мәтіннің ерекше түрінен тұрады, шынайы және жалған мәліметтерден тұрады. Әрбір мәліметтен «ИӘ» және «ЖОҚ» деген бағыттар беріледі. Егер мәлімет дұрыс болса «ИӘ» деген бағытпен жүру керек, ал егер жалған мәлімет берілген болса «ЖОҚ» деген бағытпен жүру керек. Тор көздердің жоғарғы жағында әріптер жазылған. Егерде лабиринтпен дұрыс жүріп өтсе жасырын сөзді табуға болады. Өз тәжірибем көрсеткендей түрлі тақырыптарда осы географиялық лабиринтті қолдану кезінде оқушылар бар ынтасымен жұмыс істейді. Оқушылар жеке, жұппен жұмыс істеу арқылы пәнге деген қызығушылықтары артады.

Филворд – сөзжұмбақтың бір түрі. Сөздерді дұрыс тауып, жазып қана қоймай, есте сақтау қабілетін дамытады. Филвордтағы сөздер әр түрлі бағытта оқылады, мысалы оңнан солға немесе керісінше. Сонымен қатар сөздер бөлшектеңіп берілуі де мүмкін, бірақта ешқашан да диагональ арқылы оқылмайды және қиылыспайды.


«Жер туралы мәліметтердің дамуы. Ұлы географиялық ашылулар» тақырыбынан кейін сыныпты 2-3 топқа бөліп, «әріптік лабиринт» немесе «Ұлы саяхатшылар» филвордын шешуге ұсынға болады. Бұл тапсырманы орындау үшін зейіннің тұрақтылығы қажет. Тапсырмада берілген терминдерді еске түсіре отырып оқушылардың есте сақтау қабілеті мен зейіні дамытады. Жасырылған сөздерді тапқан соң оқушылар суреттегі саяхатшылармен сәйкестендіреді.

Филворд 1. «Ұлы саяхатшылар»



Т	Й	Е	Р	Д	Н	П
Т	К	А	Р	Э	И	И
О	К	Т	Т	И	К	Ф
Н	С	О	И	Л	Й	Е
А	Ф	Є	Н	А	В	П
Л	Е	Б	М	З	Е	О
Л	Н	М	У	А	Р	Л
Е	Г	А	Л	О	К	О

«Ойлан, тап!» картографиялық ойыны. Бұл әдіс географиялық картаны оқытуда тиімді. Мұнда оқушы объектіні оның пішіні мен келбетіне қарап табу керек. Соңғы уақытта мұндай тапсырмалар 1.



Түбек?

2.



Арал?

«Бұл не?»

Белгілі бір объектінің ерекше белгілері айтылады, оқушылар сол арқылы қай жер, құбылыс туралы айттылып жатқанын анықтау керек.

Мысалы:

1. Бұл аймақты ертеде «жасыл ел» деп атаған. Шын мәнінде бұл ұғым теріс. Негізінен бұл аймақтың климаты қатал және территориясының көп бөлігін қалың мұз жамылғысы алып жатыр. (Гренландия аралы)

2. Бұл Солтүстік Американың солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан аралдың атауы «Жаңадан табылған жер» деп аталады. (Ньюфаунленд аралы) «Иә - жоқ» әдісі

Мұғалім кез-келген саяхатшы немесе объектіні жасырады, ал оқушылар оны табу керек. Оқушылар жауабын табу үшін сұрақтар қояды, ал мұғалім тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Оқушының мақсаты мейлінше аз сұрақ қою арқылы жауапты табу. Мұндағы оқушының мақсаты аз сұрақтардың тізбесін табу, яғни олардың нақтылығы мен жалпыландыру қабілеттері тексеріледі.

«Географиялық диктант» немесе «келісемін - келіспеймін» әдісі

Мұғалім сөйлемді оқиды, ал оқушылар оның дұрыс не бұрыс екенін анықтайды. Мысалы:

1. Солтүстік Америка солтүстік және оңтүстік жарты шарда орналасқан.

2. Солтүстік Американың батыс жағалауын Тынық мұхиты шайып жатыр.

3. Солтүстік Америка ең ыстық материк.

4. Материктің батыс жағалауында Анд таулары орналасқан.

«Ортақ белгі» әдісі

Кез-келген екі объект беріледі. Оқушы мейлінше көп ортақ белгілерін табу керек. Мысалы: Калифорния түбегі – Волгоград қаласы. Бір қарағанда екеуінің арасында ортақ белгі жоқ. Бірақ мұқият ойлану арқылы олардың арасында бірнеше ортақ белгілерді табуға болады:

1. Екеуі де Солтүстік жарты шарда орналасқан.

ұлттық бірыңғай тестілеудің сұрақтары мен географиядан олимпиада тапсырмаларында жиі кездестіруге болады.

2. Екі объектіні де +24°C изотермасы басып өтеді.
3. Жылдық орташа жауын-шашын мөлшері 300-400 мм.

4. Екеуі де құрлық.

5. Екеуіндеде «А», «Л» және «Р» әріптері кездеседі.

Тәжірибе көрсеткендей кез-келген объектіден бірнеше ұқсастық табуға болады. Бұл тапсырманы уақытқа орындатқан жөн және бұл миға арналған тапсырманың түрі.

География сабағында қолданатын әдіс – тәсілдің түрлері өте көп. Олардың әрқайсысын жас ерекшеліктері мен тапсырманы орындау мүмкіндіктеріне қарай оқушыларға беремін. Сонымен қатар өз тәжірибемде шығармашылық тапсырмалар, «қолтырауын», кластер құру, жиынтық кестесі мен «БББ кестесі» әдісі тұрақты түрде қолданамын.

Қазақстанның физикалық географиясымен байланысты тақырыптарды әдебиет пәнімен кіріктіре отырып өткіземін. Ақын-жазушыларымыздың жерсуларымызға арнап жазған өлеңдері қаншама. Сол өлеңдерді сабақ кезінде жырлап, мәтіннің сөзін талдаймыз. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға тиімді әдістердің бірі.

Географияны картасыз елестету мүмкін емес. Себебі карта географиялық ақпараттарының негізгі көздерінің бірі. Мектептегі оқу нысаны. Көрнекілік құрал. Географияның екінші тілі. Қазіргі заман талабына сай картографиялық құралдардың түрлері күн сайын жаңарып жетілуде, сонымен қатар география сабағында кеңінен қолдануға болатын карта түрлері мен картографиялық компьютерлік бағдарламалар жасалуда. Интербелсенді тақта көмегімен әрбір география сабағына тақырыпқа байланысты түрлі электрондық тақырыптық карталарды қолдануға мүмкіндікке қол жеткіздік.

Жаңа технологияларды география сабағында қолдану арқылы оқу барысында оқушылардың жоғарға нәтижеге жетуіне мүмкіндік жасайды. Әрине, тәжірибелі ұстаздар оқушыларды географиялық, экологиялық ойлауларға оқытып-тәрбиелеуде

дәстүрлі технологияларды қолдану арқылы-ақ үлкен жетістіктерге жете алады. Бірақ, қазіргі заман адамы әлемдік ақпараттық кеңістікте жақсы бағдарланып қана қоймай, сонымен қатар оның түрлі процестерінің белсенді қатысушысы болуы керек. Ал мұндай адамды ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданбай, бір дәстүрлі технологияны пайдалану арқылы тәрбиелеп шығу мүмкін емес.

Қазіргі техниканың дамып жатқан заманында өскелең ұрпаққа білім беру талаптары өзгерді. Ұстаздардың заман ағымына байланысты алдындағы отырған оқушыға саналы емес сапалы білім беруге көшті. Нәтижеге бағытталған білім беру жағдайында мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзырылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Мұғалімнің шеберлігіне

қарай қолданылатын әдіс-тәсілдері өте тиімді.

М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» - деп атап көрсеткеніндей, еліміздің болашақта ілгері басуы үшін ең алдымен білім қажет. Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана – болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтатын болады. Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз

География пәнін оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдер оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға игеріп, нәтижесінде — өздерінің кәсіби әлеуеттерінің қалыптасуына жол ашуы керек.